

Пайдаланған әдебиеттер

1. Пушкирева Н.Л. Предмет и методы изучения истории повседневности. /Электронды ресурс: <https://elibrary.ru/item.asp?id=21339954>
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 240 б
3. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. — Алма-Ата, 1966. — 198 с.
4. Калмырзаев А. Национальный менталитет и национальный дух // Мысль. - 2000. - № 8-9 с.
5. Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.1./Ред. алқа: Қ.С.Алдажұманов, т.б. —Алматы «Толағай групп», 2010. — 376 б
6. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы. 9 томдық. Т.VI/ Құраст.: Ж.С.Аққұлұлы. —Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2013. -520 б.
7. Галузо П.Г. Туркестан-колония (Очерк истории Туркестана от завоевания русскими до революции 1917 года). — Москва, Коммун. Ун-т трудящихся востока им. И.В.Сталина, 1929. —162с.
8. История Казахстана: народы и культуры. Под ред. Масанова Н.Э. - Алматы, 2000. — 608 с.
9. Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии (последняя четверть XVIII-60-е годы XIX в.). —Москва: Издательство «Наука», 1980. —280 с.
10. Аполлова Н.Г. «Хозяйственное освоение Прииртышья в конце XVI - первой половине XIX вв» М., 1960. - 254 с.
11. Қойгелдиев М.Қ. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ.-1917ж.) — Астана: «Елорда», 2004. — 216 б.
12. Мустафина Р.М. Бытовой ислам у казахов (XIX-XX вв.). Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. — Алматы, 2006. — 59 с.

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ЕДІГЕ БАТЫР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Шакимурат А.А., магистрант

Ғылыми жетекші т.ғ.к, доцент Джумабеков Д. А.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Көптеген қаһармандық эпостардан тарихта жасаған адамдардың бейнесін іздеу мүмкін емес, ал «Едіге батырға» зор тағылымдық, танытқыштық қуат берін тұрған қиялдағы емес, халықтық санада өшпестей болып таңбаланған Алтын Орда дәуіріндегі ірі оқиғалардың ізі екені даусыз.

Қазақта атакты, даңқты үш батыр болған делінсе, солардың бірі ер Едіге. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалар жинағының екінші томында өзі жинаған халық ауыз әдебиетінің ең асыл үлгілерін енгізіп, ішіндегі аңыз, әңгіме, ертегілер, айтыс та, эпостық жырлар да көпшілік жұртшылыққа ұсынылды. Аңыз әңгімелер мен ғылыми әдебиеттерді оқи отырып салыстыру.

Қазақ үш жүз деген атқа ілінбей елдігі, жұрттығы көзге көрініп білінбей жүрген күнде қазақ ортасында Бабай түктес Шашты Әзіз делінген диюана болыпты. Қаратау маңайында Мыңжылқы деген таудың бауырында бір булақта дәрет алып, намаз оқуы үшін меншікті мекен-жай қылып жүріпті [1,78 б].

Бабай түктес Шашты Әзіз делінген диюана басына түскен келеңсіз оқиға желісімен бірқатар оқиғаларды басынан өткереді.

Алтыннан шүмегі, күмістен түбегі болмақ, белгісі сол болар деді де аққу болып ұшып кеге берді, - дейді. Диюана мұны елең қылып күзетіп күре ме?! Қыз баланы уәде бойынша бесігімен алып келін тастап кетті дейді. Үстінен кез болып тауып алған біреу Түркістанда

ноғайлының ханы Тоқтамыс ханға апарып берін, Тоқтамысқа асыранды бала болып, соның қолында өсіпті [1,79 б].

Даңқты батырдың дүнеге келуі Мәшһүр Жүсін Көпейұлының шығармалар жинағында осындай көрініс табады.

Бұл тарихи кейіпкердің шығу тегі туралы мәліметтер құпияға толы. Оның есімі де (түріктің «канондық» нұсқасында - «Эдюгю») даусыз этимология жоқ. Халық аңыздары («Едіге» дастанында) оны «етік» (идуг, итук): сөзімен байланыстырады: болашақ беклербекті етікте асырап алушы әкесі баланы үйге әкелді делінеді, Ә. Х. Марғұлан Едіге есімі этек-би тіркесінен шыққан деп түсіндіреді. А. Н. Самойлович бұл атау Шығыс түрік (қараханид-қашқар) эдгю, идгю (мейірімді, жақсы) деп аталады деп санайды.

Дереккөздер Едігенің рулық тиістілігін әр түрлі түсіндіреді. Оның өмірбаяны туралы егжей-тегжейлі жазбалардың бірінің авторы Ибн Арабшах «оның тайпасы кунграт деп аталды» деп жазды [2,78-79 б].

Бұл тұжырымдарға негізделе әрбір заманның ғалымдардың өз ғылыми дәйектемесі болғанын көреміз. Яғни нақты Едіге батырдың дүниеге келуі туралы нақтылы ақпараттар көрсетілмеген.

Осы Едігені Тоқтамыс ханның төресін бұзып, төре беретұғын би де қылып қояды. Бетіне жан пар келмейтін ер де, батырда қылып қояды. «Екі қылыш бір қынға сыймайды, екі тілеу бір көңілге сыймайды». Мен өзім Едігені ер деп, батыр деп әбден білемін, билік айтты дегенге нанбаймын. Кім болсын, ол болсын, Тоқтамыс ханның «өзіңнен тумай ұл болмас, сатып алмай құл болмас», - деп көзін жойылтуға қастық ойлағанын біліп, сезін қалып Едігенің қашқаны рас [1,79 б].

Едіге мен Тоқтамыстың арасындағы араздық казак фольклорінде көрініс тапқанын байқаймыз.

«... 1387-1395. және Тимур Дешті тастағаннан кейін біраз уақыт өткен соң. Едіге өз жолын тағы бір рет өзгертуге шешім қабылдады. 1389 жылы ол Мавераннахрда Тоқтамыстың қарсыласы ретінде пайда болды» [2,82 б].

Тоқтамыстың өзі патшаға және ұлы князь Ягайлаға жазған хатында бұл оқиғаның себебін «кейбір оғандар мен бектер» оған қастандық ұйымдастырып жатқанын келтіреді. Олар Едігені Темірге «оны құпия түрде шақыру үшін» жақындатты. Ханның өзін қулықтың құрбаны ретінде көрсеткені түсінікті, өйткені бұл 1391 жылы Темірдің Алтын Орданы талқандауына себеп болды. Бірақ Едігенің бұл жағдайдағы рөлін оны Тоқтамыс пен оның арасындағы жеке қақтығыстармен ғана түсіндіруге болады [2,83 б].

Ол Әмір Темірге келіп, оның қолын сүйіп, өзінің тарихын айтып, оған не болғанын айтып берді: «сіз алыс елдерге асығасыз, бірақ жабайы және қараусыз жерлерде, осыған байланысты қауіп-қатерге тап боласыз, түрлі жоталардан өтіп саяхат кітаптарымен танысасыз. Неліктен құту керек? Неге кешіктіру керек? Қиындықсыз көтеріліңіз, мен сізді ұстайтын бекіністің жоқтығына және сізді тоқтататын кедергі жоқ екендігіне кепілдік беремін; сіздің жолыңызды жабатын рефлектор жоқ; саған қарсы тұрған қарсылас жоқ, қарсы соғысатын жауыңгер жоқ. Мұнда тек қыңырлық пен сұмдық бар. Ондағы байлық ұрлыққа мойынсұнып, қазына өз аяғымен келеді!» [3,83-84 б].

Ибн Арабшахтың «Чудеса predeterminedения в судьбах Тимура» жылнамасындағы Едігенің Әмір Темір мен біріге отырып өзінің саяси мақсаттарын орындалуының алғышартының іске асқандағына көз жеткізуге болады.

Өтеміс-қажы Тоқтамыс пен Едігенің (Темір-Құтлық пен бірге) әскерлері арасындағы шайқас туралы да жазады, бірақ қақтығыстың себептерін түсіндірмейді; ол тек көптеген «баһадүрлердің» өлімі және Тоқтамыстың жеңілісі туралы хабарлайды (Утемиш-хаджи 2017. С. 63) [2,95 б].

Әскери күшпен орныққан Едіге Құтлық-Темір пен біріге отырып Тоқтамысқа қарсы соғыста бірнеше мәрте ашық қақтығысқа түсті.

Нұралының өшігіп іздегені сондай, Тоқтамыс қайда қорғалап барса, жанын қоярға жер таптырмапты. Ол заманда Әмір Темір көреген бар екен. О да Тоқтамысты қорғалата

алмапты. Тоқтамыс сол қашқаннан қашып, Ертіс өтіп кетіпті. Бір қопаға барып қорғалапты. Жалаң аяқ екен, аяғын қамыс тіліп, қанап, сол қанның аққан ізінен бұлжытпай тауып алып, өлтірін, қопаның жағасына сүйретін алып шығып көміпті [1,80 б].

«...араб авторы Ибн-Арабшах мәліметіне сәйкес, Едіге оны ұстауға бар күшін жұмсап, онымен он бес рет шайқасқан, ал он алтыншы рет болған шайқаста Тоқтамыс ажал құшқан [33, с. 470-471] [4,191 б].

Қазақ фальклорінде және ғылыми әдебиеттерде де Тоқтамыстың жеңіліске ұшырағанына анық көруге болады.

Жә, бұл Түркістанды шауып талап жатқанда, Тоқтамыстың бір күні жас босанып, ер ұл тауып жатыр екен. Ер Едіге соны көрген соң:

— Байғұс мүсәпір, балаңды өлтіріп алма! — деп, қулық құлындаған құла биені беріп кеткен екен. Сол биеден туған құлын ат болып, күннен туған ұл азамат болып және сол баланың аты Кейкуат болып, Едігенің қартая басқан кезі болып, жалғыз баласы Нұралы қайтып қарасын көрместей болып кеткенін әбден біліп, Тоқтамыстың кегін Едігеден алу үшін Кейкуат атқа мінді дейді. Сонда Едіге мен Кейкуат кездесін қалғанда, Едіге сөйлеген екен:

— Ай, бәрекелді, қап, әттеген-ай!

Қулықтан туған құлаша

Ат боларын білмедім.

Күннен туған Кейкуат

Жат боларын білмедім.

Қулықтан туған құлаша

Ат боларын білгенде,

Күннен туған Кейкуат

Жат боларын білгенде,

Ноктада басын кеспес пе ем,

Жөргекте көзін теспес пе ем?!

- деген екен дейді. Сонда Кейкуат:

— Мен шаранада жатқанда, шешеме: «Балаңды өлтірін алма!» деп, құла бие берген екенсің. Қартайған екен ғой деп қорлап, саған қару жұмсамайын! Қатын болсаң, күле-күле жүрерсің. Ер болсаң, шабыннан жарылып өлерсің! - деп, жүре берген екен дейді [1,81 б].

Ер Едігенің өзі тұрақ қылған жері Ұлытау, Кішітау екен. өзі өлерінде ұлытаудың басында отырып, Кейкуаттың сөзінен құса болып, жарылып өлген екен. Сонда өлерінде айтқан екен:

— Мені бұл жерге жер қазып көмбендер! Қорған тас қалап қойыңдар! Нұралы жер үстінде бар болса, «ат айналып-қазығын, тиірмен айналып, шүмегін табар» дегендей, бір табар. Сонда мені Қаратаудың бауырында, Қарақалпақ атасы Созақтың қара обасының қасында, Бабай Түкті Шашты Әзиз атам бар, соның қасына апарып қойсын! - дегенімен, денесін сонда апарып қойған екен. ұлытаудағы аманат қойған жайын «Ақмешіт әулие» деп атап кетіпті [1,82 б].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалар жинағында ер Едігенің өлімі, «ат айналып-қазығын, тиірмен айналып, шүмегін табар» деп, Нұралыға Бабай Түкті Шашты Әзиздің қасына жерлесін деп соңғы сөзін айтып Ұлытаудың басында отырып шабыннан жарылып көз жұмады делінген.

Қырымдағы «Тура вилайетінде» (яғни Оңтүстік-Батыс Сібірде) Едігенің өлімінен кейін жоғалып кеткен мырза өкпе ауруынан қайтыс болды.

Егер Қадыр Али-бекке еңбегіне сүйенетін болса, онда Нур ад-Дин, Едігенің 1419 жылы Жайықтағы шайқаста қайтыс болғанға дейін өлген деп келтіреді [2,107 б].

Ал ғылыми еңбектерде Едігенің өлімін өкпе ауруы мен немесе соғыста көз жұмды деген ақпарат көздерін көрсетеді.

Қорытындылай келе қазақ шежіресі мен тарихи деректердегі мәліметтерді салыстыру негізінде шежіре мәліметтерінің ортағасырлық жазба деректер мен топонимикалық мәліметтермен тығыз байланысы бар екенін айта аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Көпеев М. Ж. Екі томдық. 2-т, – Алматы, Ғылым, 1992, 224 б.
2. Трепавлов В. В. История Ногайской Орды. – 3-е изд., испр. И доп. – М. Квадрига, 2020. – 1040 с. (Исторические исследования: классика).
3. История Золотой Орды: Сборник материалов / Сост.: В. Г. Вовина, А. А. Кожанов, Т. Б. Никулина. СПб.: Европейский Дома, 2003. – 224 с.
4. Абдимомынов Н. Т. Алтын орданың сыртқы саясатының негізгі бағыттары (XIII-XIV ғғ.): 6D020300 – «Тарих» философия ғыл. док. ... дис. / Абдимомынов Нуртас Талгатжанович. – Алматы, 2011. – 207 б.